

Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларға қойылатын рұқсат беру талаптарын, оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін, сондай-ақ Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау, олардың қолданысын ұзарту және "Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторды аттестаттау" мемлекеттік қызметтің көрсету қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 1 шілдедегі № 440-НҚ бүйрығы. Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде 2021 жылғы 9 шілдеде № 23412 болып тіркелді.

### ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Бұйрықтың күшін жою көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің 15.07.2025 № 210-НҚ (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізілетін) бүйрығымен.

### ЗҚАИ-ның ескертпесі!

#### Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5 т. қараңыз.

"Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 1-тармағының 2-1) тармақшасына, "Сауда қызметтің реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 15-4) тармақшасына, "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН :

#### 1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларға қойылатын рұқсат беру талаптары, оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау, олардың қолданысын ұзарту және "Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторды аттестаттау" мемлекеттік қызметтің көрсету қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша кейбір нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алпыс күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
сауда және интеграция министрі

Б. Сұлтанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар

және аэрогарыш өнеркәсібі

министрлігі

Қазақстан Республикасының  
сауда және интеграция  
министрінің  
2021 жылғы 1 шілдедегі  
№ 440-НҚ бұйрығына  
1-қосымша

**Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одак тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларға қойылатын рұқсат беру талаптары, оларға сәйкестікті растайтын күжаттардың тізбесі**

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің 23.02.2024 № 111-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

№ п/с	Рұқсат беру талаптары	Рұқсат беру талаптарына сәйкестікті растайтын күжаттар тізімі	Ескерте
1	2	3	4
	Мынадай мамандықтардың бірі бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің болуы: техникалық ғылымдар	Осы Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одак тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін	

1	<p>мен технологиялар, жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика (биологиялық және сабактас ғылымдар, физикалық ғылымдар), инженерлік, өңдеу және құрылымдары; ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, егер білімі сәйкес келмесе, өтінім берілген аттестаттау бағыты бойынша сарапшы-аудитор ретінде кемінде бес жыл жұмыс өтілінің болуы.</p>	<p>айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларға қойылатын рұқсат беру талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне косымшаға сәйкес тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлғанын мәліметтер нысаны (бұдан әрі – Мәліметтер нысаны).</p>	
2	<p>Жалпы жұмыс өтілі кемінде екі жыл, оның ішінде техникалық ғылымдар және технологиялар, жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика (биологиялық және сабактас ғылымдар, физика ғылымдары), инженерлік, өңдеу және құрылымдары; ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мамандығы бойынша немесе тауардың шығу тегі туралы сертификат беруге уәкілетті тұлға ретінде тауардың шығу тегі туралы сертификат беруге уәкілетті ұйымда бір жыл және сараптама ұйымының маманы ретінде бір жыл немесе сараптама ұйымында маман ретінде кемінде екі жыл.</p>	<p>Мәліметтер нысаны, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.</p>	
	<p>Техникалық реттеу саласындағы мамандарды даярлауды (қайта даярлауды) және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын ұйымдардың тізіліміне енгізілген</p>	<p>Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел</p>	

3	<p>ұйымда мәлімделетін атtestаттау бағытында даярлау (қайта даярлау) курстарынан өту. Сарапшы-аудиторға үміткер жеке тұлғаларды даярлау, қайта даярлау курстарын өту ұзактығы кемінде 80 академиялық сағатты құрайды.</p>	<p>Мәліметтер нысаны.</p>	<p>тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларды даярлау (қайта даярлау) жөніндегі күеліктердің қолданылу мерзімі – бір жыл.</p>
4	<p>Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудитор ретінде атtestатталған және осы бағытта кемінде үш жыл жұмыс істейтін сарапшы-аудиторда практикалық даярлаудан (тағылымдамадан) өту.</p>	<p>Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларды атtestаттау, атtestаттарының қолданысын ұзарту және "Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторды атtestаттау" мемлекеттік қызметтің көрсету қағидаларына 2-қосымшамен бекітілген нысан бойынша жеке тұлғаның тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге қатысуын растайтын Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметті номенклатурасының он түрлі тауар позициясы бойынша тауарлардың шығу тегі сараптамасы бойынша тағылымдамадан өткені туралы он есептің электрондық көшірмелері</p>	<p>Тауар шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының және шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі жұмыстарды жүргізуде тағылымдамадан өтуді сарапшы-аудиторға үміткер жеке тұлға даярлау (қайта даярлау)</p>

	Тағылымдамадан өту туралы есептерге Сауда кызметін реттеу туралы заның 7-бабының 7-2) тармақшасына сәйкес уәкілдегі орган бекітетін нысан бойынша ішкі айналымға арналған тауардың шығу тегі туралы сараптама актілерінің көшірмелері қоса беріледі.	курстары аяқталғаннан кейін жүзеге асырады.
--	--	---

Тауардың шығарылған елін,  
Еуразиялық экономикалық одак  
тауарының немесе шетел  
тауарының мәртебесін айқындау  
жөніндегі сарапшы-  
аудиторларға қойылатын  
рұқсат беру талаптарына және  
оларға сәйкестікті раставтын  
құжаттардың тізбесіне қосымша

**Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одак тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторға үміткер жеке тұлғаның мәліметтер нысаны**

Толтырылған күні \_\_\_\_\_

Жеке деректері:  
Тегі \_\_\_\_\_

Аты \_\_\_\_\_

Әкесінің аты (бар болған жағдайда) \_\_\_\_\_

Тұған жылы \_\_\_\_\_

Жеке сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

Білімі \_\_\_\_\_

Аяқтаған оқу орнының атауы \_\_\_\_\_

Аяқтаған жылы \_\_\_\_\_

Білімі туралы құжаттың (диплом) нөмірі \_\_\_\_\_

(шетелдік білім беру үйымдары берген білім туралы құжаты болған кезде, Қазақстан Республикасының аумағында заңнамамен белгіленген тәртіппен білім беру туралы құжатты нострификациялау туралы мәліметтерді көрсету)

Диплом бойынша мамандығы \_\_\_\_\_

Диплом бойынша біліктілігі \_\_\_\_\_

Ғылыми дәрежесі (бар болған жағдайда) \_\_\_\_\_

Аттестаты (бар болған жағдайда) \_\_\_\_\_

(сарапшы-аудитордың)

20 \_\_\_\_ жылы "\_\_\_" \_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ берілген

Жұмыс орны \_\_\_\_\_

Лауазымы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Тұрғылықты мекенжайы \_\_\_\_\_

## 2. Жұмыс өтілінің бар екендігі туралы деректер:

Күні	Ұйым атауы, лауазымы	Негізгі міндеттемелері
басталуы	аяқталуы	

3. Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мэртебесін айқындау жөніндегі жұмыстарға қатысқандығы ( практикалық даярлаудан (тағылымдамадан) өтуі) туралы деректер:

Жұмыстар жүргізу кезеңі	Тексерілетін ұйымның атауы және мекенжайы	Орындалған жұмыстар тізбесі
-------------------------	---	-----------------------------

4. Даярлау (қайта даярлау) немесе біліктілігін арттыру курсарынан өткендігі туралы деректер:

Курстардан өту күні	Оқу түрі, сағат саны	Мамандануы қызмет бағыты)	( Куәліктің нөмірі және берілген күні	Оқытуды өткізген оқу орталығы
---------------------	----------------------	------------------------------	--	----------------------------------

Қазақстан Республикасының

сауда және интеграция

министрінің

2021 жылғы 1 шілдедегі

№ 440-НҚ бүйрекіна

2-қосымша

**Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау, аттестаттарының қолданысын ұзарту және "Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторды аттестаттау" мемлекеттік қызметін көрсете қағидалары**

## **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау, аттестаттарының қолданысын ұзарту және "Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторды аттестаттау" мемлекеттік қызметін көрсете қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 15-4) тармақшасына (бұдан әрі – Сауда қызметін реттеу туралы Зан), "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына (бұдан әрі – Зан) сәйкес әзірленді және тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау, аттестаттарының қолданысын ұзарту және "Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторды аттестаттау" мемлекеттік қызметін көрсете тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) тауарлардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарларының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлар – осы Қағидаларға сәйкес аттестатталған жеке тұлғалар;

2) "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізуіндің бірынғай терезесі болатын ақпараттық жүйе.

**2-тaraу. Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау, аттестаттарының қолданылуын ұзарту және "Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторды аттестаттау" мемлекеттік қызметін көрсете тәртібі**

3. "Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторды аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

4. Аттестаттау үшін сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – комиссия) құрады.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - КР Сауда және интеграция министрінің 23.02.2024 № 111-НҚ (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік алпыс қүн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

5. Комиссия мүшелерінің саны кемінде бес адамнан тұратын тақ санды құрайды. Комиссия құрамына көрсетілетін қызметті берушінің, тауардың шығу тегі туралы сертификат беруге уәкілетті ұйымның өкілдері және тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудитор енгізіледі.

Комиссия төрағасы уәкілетті органның бірінші басшысының орынбасарынан не бірінші басшының немесе оның орынбасарының міндетін атқарушы адамнан төмен емес лауазымды адамды уәкілетті органның бірінші басшысы бір жыл мерзімге тағайындауды және қайта тағайындауды.

Комиссияның қызметін ұйымдастыру үшін көрсетілетін қызметті беруші уәкілетті органның қызметкерлері арасынан комиссия хатшысын тағайындауды. Комиссия хатшысы комиссия отырысының күн тәртібін қалыптастырады және отырыстың хаттамасын ресімдейді. Комиссия құрамы мен комиссия хатшысы көрсетілетін қызметті берушінің шешімімен ресімделеді.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - КР Сауда және интеграция министрінің 23.02.2024 № 111-НҚ (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік алпыс қүн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудитордың аттестаттын алу үшін сарапшы-аудиторға үміткер жеке тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы мына құжаттарды жолдайды:

Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларға қойылатын рұқсат беру талаптарына және оларға сәйкестікті раставтын құжаттар тізбесіне қосымшамен бекітілген тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлғаның мәліметтер нысаны;

осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанындағы өтініш; Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 35-бабының 6) және 7) тармақшаларына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының жұмыс өтілін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке тұлғаның тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мэртебесін айқындау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге қатысуын растайтын Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметі номенклатурасының он түрлі тауар позициясы бойынша тауарлардың шығу тегі сараптамасы бойынша тағылымдамадан өткені туралы он есептің электрондық көшірмелері. Тағылымдамадан өту туралы есептерге Сауда қызметін реттеу туралы заңның 7-бабының 7-2) тармақшасына сәйкес уәкілдемі орган бекітетін нысан бойынша ішкі айналымға арналған тауардың шығу тегі туралы сараптама актілерінің көшірмелері (бұдан әрі – сараптама актілері) қоса беріледі.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - КР Сауда және интеграция министрінің 23.02.2024 № 111-НҚ (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік алпыс қун өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7. Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мэртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудитор аттестатының қолданысын ұзарту үшін, аттестаттарынан айырылған сарапшы-аудиторларды және мерзімі тоқтатылған немесе өткен сарапшы-аудиторларды қоспағанда, аттестат мерзімі аяқталғанға дейін кемінде күнтізбелік 30 (отыз) қунде көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы мынадай құжаттарды жолдайды:

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мэртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудитор аттестатының қолданысын ұзартуға беретін жеке тұлғаның мәліметтер нысаны;

осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанындағы өтініш; Кодекстің 35-бабына сәйкес қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

сараптама актілерінің көшірмелерін қоса бере отырып, осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мэртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудитордың қызметі туралы есептің электрондық көшірмесі.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - КР Сауда және интеграция министрінің 23.02.2024 № 111-НҚ (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік алпыс қун өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8. Атын немесе тегін ауыстыруға байланысты тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мэртебесін

айқындау жөніндегі сарапшы-аудитор аттестатына өзгерістер енгізу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы еркін нысанда редакциялауға өтініш жібереді.

Көрсетілетін қызметті беруші редакциялауға өтінішті ол тіркелген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде қарастырады.

9. Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттары туралы мәліметтер көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден ұсынылады.

10. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтер осы Қағидаларға 6-қосымшада баяндалған.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің 23.02.2024 № 111-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.**

11. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды және (немесе) мәліметтерді қабылданғаны туралы мәртебе көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып көрсетіледі.

12. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар түсken күні оны қабылдайды және тіркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 84-бабына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

13. Көрсетілетін қызметті беруші тіркелген сәттен бастап ұсынылған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толықтығын және қолданылу мерзімін тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидалардың 6 және 7-тармақтарында көрсетілген құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда, көрсетілетін қызметті беруші Заңының 19 -бабына сәйкес 1 (бір) жұмыс күні ішінде өтінішті қабылдаудан бас тартады және көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында хабарлама жібереді.

14. Осы Қағидаларға 7-қосымшага сәйкес нысан бойынша тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудитор аттестатын беру не аттестаттың қолданылу мерзімін 5 (бес) жылға ұзарту не осы Қағидалардың 17-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі болып табылады.

15. Аттестат беру, аттестаттың қолданысын ұзарту не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап үшін комиссия шешімі негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі аттестаттау өткізілген күні беріледі.

**Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің 23.02.2024 № 111-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

16. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында жіберіледі және сақталады.

17. Заңның 19-1-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіздеме:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Сауда қызметін реттеу туралы Заңның 18-5-бабында, осы Қағидаларда белгіленген талаптарға, сондай-ақ осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес бекітілген тауарлардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одак тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларға қойылатын рұқсат беру талаптарына сәйкес келмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті аруды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды құшіне енген сот шешімінің (ұқімінің) болуы;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды құшіне енген шешімі бар, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқығынан айырылуы;

5) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етіletіn қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге көрсетіletіn қызметті алушының келісімінің болмауы.

**Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің 23.02.2024 № 111-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

17-1. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартылған жағдайда көрсетіletіn қызметті алушы осы Қағидалардың 6 және 7-тармақтарында белгіленген тәртіппен қайта жүргіне алады.

**Ескерту. Қағидалар 17-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Сауда және интеграция министрінің 23.02.2024 № 111-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

18. Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылданғанға дейін көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті қарау мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы оны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде көрсетілетін қызметті берушінің алдын ала шешіміне қарсылығын ұсынады немесе айтады.

19. Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторды аттестаттау бес жылда бір рет жүзеге асырылады.

20. Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудитор аттестатынан айыру және (немесе) оның қолданысын тоқтата тұру Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 417-бабында белгіленген жағдайларда жүргізіледі.

21. Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторды аттестаттау тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудитор аттестатынан айырылған күннен бастап екі жыл өткен соң жүргізіледі.

22. Бұрын аттестатталған, тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлар Техникалық реттеу саласындағы мамандарды даярлауды (қайта даярлауды) және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын ұйымдардың тізіліміне енгізілген ұйымда мәлімделген аттестаттау бағытында кемінде 40 (қырық) академиялық сағат көлемінде біліктілікті арттыру курсарынан өтеді.

23. Қазақстан Республикасында төтенше жағдай жарияланған жағдайда уәкілетті орган қолданылу мерзімі төтенше жағдай кезеңінде аяқталатын тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлар аттестаттарының қолданысын төтенше жағдай қолданылатын кезеңге және оның күші жойылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күнге ұзартады.

24. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік

қызмет көрсетеу сатысы туралы мемлекеттік қызметтер көрсетеу мониторингінің ақпараттық жүйесіне деректерді енгізуі қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызмет көрсетеу кезінде оны көрсетеу сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтер көрсетеу мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде түседі.

25. Ақпараттық жүйе істен шыққан жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші техникалық ақаулардың туындауын анықтаған сәттен бастап дереу sd@nitec.kz электрондық поштасы бойынша бірыңғай қолдау қызметтіне сұрау салу жіберу арқылы, мемлекеттік қызметтің атауы, өтініштің әкімшілік құжатының нөмірі мен коды немесе өтініштің бірегей сәйкестендіру нөмірі, әкімшілік құжаттың нөмірі мен коды немесе рұқсат беру құжатының бірегей сәйкестендіру нөмірі бойынша ақпарат міндетті түрде ұсыныла отырып, көрсетілетін қызметті алушының жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі, авторизация сәтінен бастап қатенің нақты уақытын көрсете отырып, қате туындаған сәтке дейінгі қадамдық скриншоттарды қоса бере отырып "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы операторын хабардар етеді.

**3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсетеу мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

26. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер көрсетеу мәселелері жөніндегі шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына және (немесе) мемлекеттік қызметтер көрсетеу сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсетеу сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

27. Көрсетілетін қызметті беруші шешімінің нәтижелерімен келіспеген жағдайда өтініш беруші Заңның 4-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес шешім нәтижелеріне сот тәртібімен шағымдана алады.

Тауардың шығарылған елін,  
Еуразиялық экономикалық одақ  
тауарының немесе шетел  
тауарының мәртебесін айқындау  
жөніндегі сарапшы-  
аудиторларды аттестаттау,  
аттестаттарының қолданысын

ұзарту және "Тауардың  
шығарылған елін, Еуразиялық  
экономикалық одақ тауарының  
немесе шетел тауарының  
мәртебесін айқындау жөніндегі  
сарапшы-аудиторды  
аттестаттау" мемлекеттік  
қызметін көрсету қағидаларына  
1-қосымша  
Нысан

---

(аттестаттау органының толық атауы)

тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе  
шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторға үміткер жеке  
тұлғадан.

---

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі, лауазымы  
, жұмыс орны, мекенжайы, телефоны)

Өтініш

Мені тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының  
немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудитор ретінде  
аттестаттауды сұраймын.

Ақпараттық жүйелерде жазылған, заңмен қорғалатын мәліметтерді пайдалануға  
келісемін

---

20 \_\_ жылғы "\_\_" \_\_\_\_ (Электрондық цифрлық қолтаңба)

Коса беріліп отырған құжаттар

20 \_\_ жылғы "\_\_" \_\_\_\_ (Электрондық цифрлық қолтаңба)

Тауардың шығарылған елін,  
Еуразиялық экономикалық одақ  
тауарының немесе шетел  
тауарының мәртебесін айқындау  
жөніндегі сарапшы-  
аудиторларды аттестаттау,  
аттестаттарының қолданысын  
ұзарту және "Тауардың  
шығарылған елін, Еуразиялық  
экономикалық одақ тауарының  
немесе шетел тауарының  
мәртебесін айқындау жөніндегі  
сарапшы-аудиторды  
аттестаттау" мемлекеттік  
қызметін көрсету қағидаларына

2-қосымша

Ескеरту. 2-қосымшага өзгеріс енгізілді - ҚР Сауда және интеграция министрінің 23.02.2024 № 111-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының

Сауда және интеграция

министрінің

2021 жылғы

бұйрығына 5-қосымша

Нысан

нысан

Тағылымдамадан өткені туралы есеп

Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау бойынша

(сарапшы-аудиторға үміткер жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

\_\_\_\_\_ (есептің мәтіні) Сарапшы-аудиторға үміткер жеке тұлға (тағылымдамашы)

\_\_\_\_\_ (тегі және аты-жөні) (қолы)

Тағылымдама жетекшісінің пікір-мінездемесі:

Бағалау саласы	Бағалау (қанағаттанарлық, қанағаттарлықсыз)
Білімі:	
Қазақстан Республикасы заңнамаларының негіздері	
Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі негізін қалайтын нормативтік құқықтық актілері мен нормативтік құжаттары	
Жұмыстар мен тексерістер жүргізу әдістері мен рәсімдері, тексерілетін нысандар сипаттамалары, оларды бағалау, есептер, қажетті құжаттар және жұмыс нәтижелері бойынша қорытындылар дайындау	
Білімді іс жүзінде қолдана білу	
Жеке қасиеттерін іске асыру	
Жалпы баға	

Тағылымдама жетекшісі

(сарапшы-аудитор, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

аттестаттың тіркеу нөмірі және берілген күні

(тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудитор ретіндегі жұмыс өтілі, лауазымы, жұмыс орны)

(тағылымдама жетекшісінің қолы) (тағылымдама жетекшісінің тегі және аты-жөні)  
Ұйым басшысы

(ұйым басшысының қолы) (ұйым басшысының тегі және аты-жөні)

Мөр орны (бар болған жағдайда)

Ескертпе:

Есеп мәтінінде:

1) тағылымдамадан өту қүні (күндері), тағылымдама өткен ұйымның атауы және мекенжайы;

2) қағидалар мен рәсімдерді анықтайтын қандай құжаттарға сәйкес жұмыстар жүргізілгені;

3) сараптама актісін беру туралы шешім қабылданған құжаттарды көрсете отырып, тауардың шығу тегіне сараптама жүргізу тәртібі көрсетіледі.

Тауардың шығарылған елін,  
Еуразиялық экономикалық одақ  
тауарының немесе шетел  
тауарының мәртебесін айқындау  
жөніндегі сарапшы-  
аудиторларды аттестаттау,  
аттестаттарының қолданысын  
ұзарту және "Тауардың  
шығарылған елін, Еуразиялық  
экономикалық одақ тауарының  
немесе шетел тауарының  
мәртебесін айқындау жөніндегі  
сарапшы-аудиторды  
аттестаттау" мемлекеттік  
қызметін көрсете қағидаларына  
3-қосымша

**Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудитор аттестатының қолданысын ұзартуға беретін жеке тұлғаның мәліметтер нысаны**

Толтырылған күні \_\_\_\_\_

Жеке мәліметтер:

Тегі \_\_\_\_\_

Аты \_\_\_\_\_

Әкесінің аты (бар болған жағдайда) \_\_\_\_\_

Тұған жылы \_\_\_\_\_

Жеке сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

Жұмыс орны \_\_\_\_\_

Лауазымы \_\_\_\_\_

телефон \_\_\_\_\_

Тұрғылықты мекенжайы \_\_\_\_\_

2. Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі жұмыстарға қатысуы туралы деректер:

Жұмыстарды жүргізу кезеңі	Тексерілетін ұйымның атауы және мекенжайы	Орындалған жұмыстардың тізбесі
---------------------------	---	--------------------------------

3. Даирлау (қайта даирлау) немесе біліктілігін арттыру курстарынан өткені туралы деректер:

Курстардан өту күні	Оқу түрі, сағат саны	Мамандануы қызмет бағыты)	( Куәліктің нөмірі және берілген күні	Оқытууды жүргізген оку орталығы
---------------------	----------------------	------------------------------	--	------------------------------------

Тауардың шығарылған елін,  
Еуразиялық экономикалық одақ  
тауарының немесе шетел  
тауарының мәртебесін айқындау  
жөніндегі сарапшы-  
аудиторларды аттестаттау,  
аттестаттарының қолданысын  
ұзарту және "Тауардың  
шығарылған елін, Еуразиялық  
экономикалық одақ тауарының  
немесе шетел тауарының  
мәртебесін айқындау жөніндегі  
сарапшы-аудиторды  
аттестаттау" мемлекеттік  
қызметін көрсету қағидаларына  
4-қосымша  
Нысан

(аттестаттау органының толық атауы)

тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудитор аттестатының қолданысын ұзартуға беретін жеке тұлғадан

---

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі, лауазымы, жұмыс орны, мекенжайы, телефоны)

### Өтініш

Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудитор аттестатының қолданылуын ұзартуды сұраймын.

Ақпараттық жүйелерде жазылған, заңмен қорғалатын мәліметтерді пайдалануға келісемін

---

20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_ (Электрондық цифрлық қолтаңба)

Қоса беріліп отырған құжаттар

20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_ (Электрондық цифрлық қолтаңба)

Тауардың шығарылған елін,  
Еуразиялық экономикалық одақ  
тауарының немесе шетел  
тауарының мәртебесін айқындау  
жөніндегі сарапшы-  
аудиторларды аттестаттау,  
аттестаттарының қолданысын  
ұзарту және "Тауардың  
шығарылған елін, Еуразиялық  
экономикалық одақ тауарының  
немесе шетел тауарының  
мәртебесін айқындау жөніндегі  
сарапшы-аудиторды  
аттестаттау" мемлекеттік  
қызметтің көрсету қағидаларына  
5-қосымша

Нысан

**Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудитордың қызметі туралы есеп**

**Ескеरту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің 23.02.2024 № 111-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Тегі

---

Аты

---

Әкесінің аты (бар болған жағдайда)

---

Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының  
немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудитор  
аттестаты

"      "        20       жылы берілген № \_\_\_\_\_.

20       ж. "      "        бастап 20       ж. "      "        дейінгі есептік кезең.

Есептік кезең ішіндегі орындалған жұмыстар туралы  
мәліметтер

Есептік кезең ішіндегі орындалған жұмыстар нәтижесі \_\_\_\_\_  
(негізгі жұмыс орны)

(аттестаттың қолданысын тоқтата тұру, аттестаттан айыру туралы мәліметтер)

(сарапшы-аудитордың тегі және аты-жөні) (қолы, күні)

(ұйым басшысының тегі және аты-жөні) (қолы, күні)

Мөр орны (бар болған жағдайда)

Жұмыстарды жүргізу кезеңі	Есепті кезенде орындалған жұмыстар туралы мәліметтер	Есепті кезенде орындалған жұмыстардың нәтижесі
---------------------------	--	--

Ескертпе:

1) есепті кезенде орындалған жұмыстардың нәтижелерінде аттестатты ұзартуға беретін сарапшы-аудитор қол қойған тауардың шығу тегі туралы сараптама актісінің нөмірі мен берілген күні көрсетіледі;

2) есепті кезенің әрбір жылы үшін мәлімделген аттестаттау бағытында кемінде екі орындалған жұмыс туралы мәліметтер көрсетіледі. Бұл ретте, соңғы жылға аттестаттаудың мәлімделген бағытында кемінде бес орындалған жұмыс туралы мәліметтер көрсетіледі.

Тауардың шығарылған елін,  
Еуразиялық экономикалық одақ  
тауарының немесе шетел  
тауарының мәртебесін айқындау  
жөніндегі сарапшы-  
аудиторларды аттестаттау,  
аттестаттарының қолданысын  
ұзарту және "Тауардың  
шығарылған елін, Еуразиялық  
экономикалық одақ тауарының  
немесе шетел тауарының  
мәртебесін айқындау жөніндегі  
сарапшы-аудиторды  
аттестаттау" мемлекеттік  
қызметін көрсету қағидаларына  
6-қосымша

**Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің 23.02.2024 № 111-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

1	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау, олардың қолданысын ұзарту Кіші турлері: 1) тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторды аттестаттау; 2) тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлар аттестаттарының қолданысын ұзарту.
2	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).
3	Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері	"Электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал).
4	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Өтініш тіркеген сәттен бастап – 6 (алты) жұмыс күні.
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған).
6	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Осы Қағидаларға 7-қосымшага сәйкес нысан бойынша тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудитор аттестаты не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.
	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті	

7	алушыдан алынатын төлемакы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет тегін көрсетіледі.
8	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	<p>1) Портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 84-бабына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – мерекелер туралы Заң) 5-бабына сәйкес электрондық құжаттарды және (немесе) мәліметтерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады);</p> <p>2) көрсетілетін қызметті беруші – Кодектің 84-бабына және Мерекелер туралы Заңының 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13:00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін.</p>
		<p>1) Аттестат алу үшін: осы Бұйрыққа 1-қосымшада бекітілген тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторға үміткер жеке тұлғаның мәліметтер нысаны; осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанындағы өтініш; Кодектің 35-бабына сәйкес қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;</p> <p>осы Қағидаларға 2-қосымшага сәйкес нысан бойынша жеке тұлғаның тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел</p>

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге катысуын растайтын Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметі номенклатурасының он түрлі тауар позициясы бойынша тауарлардың шығу тегі сараптамасы бойынша тағылымдамадан өткені туралы он есептің электрондық көшірмелері. Тағылымдамадан өту туралы есептерге Сауда қызметін реттеу туралы заңның 7-бабының 7-2) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекітетін нысан бойынша ішкі айналымға арналған тауардың шығу тегі туралы сараптама актілерінің көшірмелері қоса беріледі;

2) Аттестаттың қолданылуын ұзарту үшін: осы Қағидаларға 3-косымшаға сәйкес тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудитор аттестатының қолданысын ұзартуға беретін жеке тұлғаның мәліметтер нысаны; осы Қағидаларға 4-косымшага сәйкес электрондық құжат нысанындағы етініш;

Кодектің 35-бабына сәйкес қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

сараптама актілерінің көшірмелерін қоса бере отырып, осы Қағидаларға 5-косымшаға сәйкес нысан бойынша тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудитордың қызметі туралы есептің электрондық көшірмесі.

Көрсетілетін қызметті алушылардан акпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттар мен мәліметтерді талап етуге жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының заннамаларында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер

- 1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін анықтау;
- 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Сауда қызметтін реттеу туралы Заның 18-5-бабында, осы Қағидаларда белгіленген талаптарға, сондай-ак осы бұйрыққа 1-қосымшага сәйкес бекітілген тауарлардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларға қойылатын рұқсат беру талаптарына сәйкес келмеуі;
- 3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) болуы;
- 4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты сottың заңды күшіне енген шешімі бар, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқығынан айырылуы.
- 5) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге көрсетілетін қызметті алушының келісімінің болмауы.

Көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық колтаңбасы болған жағдайда, портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін

Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "Жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 (7172) 70-19-98. арқылы алуға мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 75-05-25, 75-05-75. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мекенжайлары Министрліктің интернет-ресурсында: www. beta. egov. kz, "Мемлекеттік қызметтер" бөлімінде орналастырылған.

Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау, аттестаттарының қолданысын ұзарту және "Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторды аттестаттау" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына 7-көсімша

Нысан

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЕЛТАҢБАСЫ Қазақстан

Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік техникалық реттеудің жүйесі Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудитор аттестаты

Сарапшы-аудиторлар тізілімінде тіркелген

20\_\_ жылғы "\_\_\_" № \_\_\_\_\_

20\_\_ жылғы "\_\_\_" дейін жарамды

Осы аттестат \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде)

сарапшы-аудиторларға қойылатын Қазақстан Республикасының Сауда қызметін реттеу саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес келеді және тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мэртебесін айқындау жөніндегі жұмыстарды жүргізу құқығына аттестатталғандығын күеландырады

Аттестат Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одағы тауарының немесе шетел тауарының мэртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау жөніндегі комиссияның 20 \_\_ жылғы "\_\_

шешімі негізінде берілді.

(электронды цифрлық қолтаңба) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Қазақстан Республикасының  
сауда және интеграция  
министрінің  
2021 жылғы 1 шілдедегі  
№ 440-НҚ бұйрығына  
3-қосымша

### **Күші жойылған кейбір нормативтік құқықтық актілердің тізбесі**

1. "Техникалық реттеу саласындағы сарапшы-аудиторларды аттестаттаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 6 ақпандағы № 116 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10513 болып тіркелді).

2. "Техникалық реттеу саласындағы сарапшы-аудиторларды аттестаттаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 6 ақпандағы № 116 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 1173 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12884 болып тіркелген).

3. "Техникалық реттеу саласындағы сарапшы-аудиторларды аттестаттаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 6 ақпандағы № 116 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушысының 2016 жылғы 28 қарашадағы № 822 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14579 болып тіркелген).

4. "Техникалық реттеу саласындағы сарапшы аудиторларды сертификаттаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 6 ақпандағы № 116 бұйрығына

"өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2020 жылғы 26 мамырдағы № 122-НҚ бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20749 болып тіркелді).

5. "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 197-НҚ бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесінің 1-тармағы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21219 болып тіркелді).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК